

**Ішкі істер органдарында профилактикалық есепте тұрған адамдарды профилактикалық есепке алуды жүргізу және профилактикалық бақылауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2026 жылғы 5 наурыздағы № 163 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 6 наурызда № 38111 тіркелді

"Құқық бұзушылық профилактикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 59-бабының 13-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 маусымдағы № 607 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 308) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Ішкі істер органдарында профилактикалық есепте тұрған адамдарды профилактикалық есепке алуды жүргізу және профилактикалық бақылауды жүзеге асыру қағидалары осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес кейбір бұйрықтардың және кейбір бұйрықтардың құрылымдық элементтерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитеті Қазақстан Республикасының заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң мен нормашығармашылықты үйлестіру департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы ішкі істер министрі*

*Е. Саденов*

Қазақстан Республикасы  
ішкі істер министрі  
2026 жылғы 5 наурыздағы  
№ 163 Бұйрыққа  
1-қосымша

**Ішкі істер органдарында профилактикалық есепте тұрған адамдарды профилактикалық есепке алуды жүргізуді және профилактикалық бақылауды жүзеге асыру қағидалары**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Ішкі істер органдарында профилактикалық есепте тұратын адамдарды профилактикалық есепке алуды жүргізу және профилактикалық бақылауды жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Құқық бұзушылық профилактикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленді және ішкі істер органдарында профилактикалық есепте тұратын адамдарды профилактикалық есепке алуды жүргізуді және бақылауды жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

2. Профилактикалық есепке алу мен бақылауды жүзеге асыруды ішкі істер органының қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесіне жетекшілік ететін басшының орынбасары немесе қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесінің басшысы бақылайды, олар тоқсан сайын профилактикалық істердің жүргізілуін тексереді.

## **2-тарау. Профилактикалық есепке алуды жүргізу тәртібі**

3. Профилактикалық есепке алу құқық бұзушылықтың жеке профилактикасы жөніндегі шаралардың қолданылу кезеңінде келесі санаттар бойыша жүзеге асырылады :

- 1) қорғау нұсқамасы шығарылған адамдарды;
- 2) мінез-құлқына ерекше талаптар белгіленген адамдарды;
- 3) бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы шешім қабылданған адамды;
- 4) әкімшілік қадағалау белгіленген адамды;
- 5) ресми алдын ала ескерту шығарылған адамды;
- 6) қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жаза немесе қылмыстық-құқықтық әсер етудің өзге де шаралары қолданылған адамды;
- 7) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 79-бабында көзделген алынбаған және жойылмаған сотталғандығы бар адамдарды профилактикалық есепке қояды.

4. Кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, оқыту және асырау жөніндегі өз міндеттерін орындамайтын, сондай-ақ олардың мінез-құлқына теріс әсер ететін ата-аналарға немесе кәмелетке толмағандардың заңды өкілдеріне қылмысты профилактикалық есепке алу Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 1098 бұйрығымен бекітілген Ішкі істер органдарының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторларының қызметін ұйымдастыру қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12953 болып тіркелген) сәйкес жүргізіледі.

5. Профилактикалық есепке қойған кезде адамға (занды өкіліне) оның құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылығы түсіндіріледі;

6. Мүдделі адамдар профилактикалық есепке қоюға Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағым жасай алады.

7. Ішкі істер органдары профилактикалық есепке қойылған адамдар туралы мәліметтерді үш жұмыс күні ішінде ішкі істер органдарының жедел-қызметтік және талдамалық қызметіне арналған ақпараттық кешенінің Біріктірілген деректер банкіне енгізеді.

8. Профилактикалық есепке алуда қамтылған мәліметтер құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі міндеттерді шешу шегінде ғана пайдаланылуы мүмкін.

9. Ішкі істер органдарында профилактикалық есепте тұратын адамдарға қатысты профилактикалық іс осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүргізіледі.

Профилактикалық істер ішкі істер органдарының профилактикалық есепке алуды жүргізуге жауапты қызметкерлерінің сейфтерінде сақталады. Техникалық мүмкіндік болған жағдайда, оларды автоматтандырылған деректер базасы арқылы жүргізуге рұқсат етіледі.

10. Заңның 60-бабына сәйкес осы Қағидалардың 2-қосымшасында көзделген нысан бойынша адамға қорғау нұсқамасын шығарғаннан кейін қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесінің бастығы тәулік ішінде профилактикалық есепке алуды жүргізетін жауапты қызметкерді айқындайды.

11. Мінез-құлқына ерекше талаптар белгіленген адамдарды профилактикалық есепке алуды қылмыстық-құқықтық немесе әкімшілік-құқықтық әсер ету шектеулері мен шараларының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін заңды күшіне енген сот қаулысының негізінде тұрғылықты жері бойынша учаскелік полиция инспекторлары жүзеге асырады.

Сот қаулысын алғаннан кейін ішкі істер органдарының қызметкері үш тәулік ішінде мінез-құлқына ерекше талаптар қойылған адамды тұрғылықты жері бойынша профилактикалық есепке қою шараларын қабылдайды.

Профилактикалық есепке қою кезінде ішкі істер органдарының қызметкері сот белгілеген шектеулермен және ерекше талаптармен, оны профилактикалық есепке қою және оған профилактикалық бақылауды жүзеге асыру туралы, сондай-ақ оларды бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес жауапкершілік туралы жазбаша түрде таныстырады.

Ішкі істер органдарының қызметкерлері соттың шешімімен мінез-құлқына ерекше талаптар белгіленген адамдарды психологиялық көмек көрсету мақсатында денсаулық сақтау ұйымдарына жеткізуді қамтамасыз етеді.

12. Бас бостандығынан айыру бойынша жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуына байланысты шешім қабылданған адамға қатысты

профилактикалық есеп, оның тұрғылықты жері бойынша учаскелік полиция инспекторымен Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің міндетін атқарушының 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 622 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9839 болып тіркелген) бекітілген Жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдардың мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдар жазасының өтелмеген бөлігінің мерзімі аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 79-бабында көзделген алынбаған және жойылмаған соттылығы бар адамдар ретінде профилактикалық есеп санатына ауыстырылады.

13. Ішкі істер органының бастығы немесе оның орынбасары қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінен жазасын өтеген адамға қатысты әкімшілік қадағалау орнату туралы қаулыны алғаннан кейін, оны өзі тұратын учаскедегі учаскелік полиция инспекторына тапсырады, сондай-ақ әкімшілік қадағалау белгіленген адамның өзі таңдап алған тұрғылықты жері бойынша келуін бақылауды ұйымдастыру тапсырмасын криминалдық полицияның жедел уәкіліне жүктейді.

Учаскелік полиция инспекторы өзіне қатысты әкімшілік қадағалау белгіленген тұлғаға таңдаған тұрғылықты жеріне келгеннен кейін, оны профилактикалық есепке қояды.

14. Заңның 51-бабына сәйкес Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресми алдын ала ескерту шығарған ішкі істер органының қызметкері адамның тұрғылықты жері бойынша профилактикалық есепке алуды жүргізу үшін бір тәулік мерзімде учаскелік полиция инспекторына ресми алдын ала ескертудің түпнұсқасын береді.

15. Қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жаза немесе өзге де қылмыстық-құқықтық әсер ету шаралары қолданылған адамға қатысты профилактикалық есепті оның тұрғылықты жері бойынша пробация қызметкерлері Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 15 тамыздағы № 511 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9738 болып тіркелген) Пробация қызметінің жұмысын ұйымдастыру қағидаларына сәйкес жүзеге асырады.

16. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 79-бабында көзделген, алынбаған және өтелмеген соттылығы бар адамдар қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінен босатылғаннан кейін учаскелік полиция инспекторлары тұрғылықты жері бойынша сотталғандығы өтелгенге немесе алынғанға дейін ішкі істер органдарында профилактикалық есепке қояды.

17. Егер профилактикалық есепте тұрған адам қаланың (облыстың) басқа ауданына немесе өңірге тұрақты тұруға көшкен жағдайда, оның көшкенінен кейін үш тәулік ішінде ішкі істер органдарына оның келгенін растау үшін сұрау салу жіберіледі.

Ішкі істер органдары профилактикалық есепте тұрған адам келгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде адамның жаңа мекенжайы бойынша ішкі істер органдарының тиісті бөлімшесінен профилактикалық істі сұратады.

Адам жаңа тұрғылықты жеріне келгені туралы растауды алынғаннан кейін, үш жұмыс күні ішінде тиісті ішкі істер органдарына профилактикалық іс жіберіледі.

Адам келгені расталмаған жағдайда ішкі істер органдары бес жұмыс күні ішінде оның тұрған жерін және келмеу себептерін анықтау бойынша бастапқы іс-шараларды жүргізеді.

Ішкі істер органдарында профилактикалық есепте тұрған адамның орналасқан жері анықталмаған жағдайда ішкі істер органдарының жедел-қызметтік және талдамалық қызметіне арналған ақпараттық кешенінің Біріктірілген деректер банкіне тиісті белгі жасалады.

18. Профилактикалық есепке алу:

1) егер құқық бұзушылық жасауға бейім адамның түзелу жолына түскені анықталса, тұрғылықты жері бойынша немесе еңбек қызметінде жағымды мінездеме берілсе, мерзімінен бұрын;

2) құқық бұзушылықтың жеке профилактикасы бойынша шаралардың мерзімі өткен соң, егер оны ұзартуға негіздер болмаса;

3) құқық бұзушылық жасауға бейім адамның бас бостандығынан айыруға сотталуына байланысты;

4) қайтыс болуына байланысты тоқтатылады.

19. Профилактикалық есепте тұрған адамнан оның мерзімінен бұрын тоқтатылуы туралы арызы келіп түскен кезде, ішкі істер органдарының қызметкері арыздың уәждерін тексеруді бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырады және ішкі істер органдарының басшысына тиісті баянат енгізеді.

20. Ішкі істер органдарының бастығы профилактикалық есепте тұрған адамның қатысуымен үш жұмыс күні ішінде ішкі істер органдары қызметкерінің көрсетілген баянатын және басқа да сипаттайтын материалдарды қарайды, содан кейін өтінішті қанағаттандыру немесе бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Бұл ретте профилактикалық есепте тұрған адам, ішкі істер органы басшысының шешіміне Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіпте шағымдануға құқылы.

21. Өзіне қатысты әкімшілік қадағалау белгіленген немесе шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы шешім қабылданған немесе мінез-құлыққа ерекше талаптар белгіленген адамның өтініші қанағаттандырылғаннан кейін ішкі істер органдарының қызметкері үш жұмыс күні ішінде уәжді ұсынысты Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сотқа жолдайды.

Ішкі істер органының әкімшілік қадағалауды жүзеге асыратын қызметкері осы Заңның 59-бабы 8-тармағының 2), 3) және 5) тармақшаларында көзделген жағдайларда

әкімшілік қадағалауды тоқтату туралы қаулы шығарады, оны ішкі істер органының бастығы бекітеді.

Судьяның немесе ішкі істер органының профилактикалық есепке алуды тоқтату туралы қаулысы адамға қол қойғызу арқылы жарияланады.

### **3-тарау. Ішкі істер органдарында профилактикалық есепте тұрған адамдарға қатысты профилактикалық бақылауды жүзеге асыру тәртібі**

22. Профилактикалық бақылау құқық бұзушылық жасауға бейім тұлғаны профилактикалық есепке алу мерзімі ішінде жүзеге асырылады және профилактикалық есепте тұрған тұлғаның белгіленген шектеулерінің сақталуын және жүктелген міндеттердің орындалуын ішкі істер органдары қызметкерлерінің жүйелі түрде қадағалауы болып табылады.

Тексеруді жүзеге асырған ішкі істер органдарының қызметкері профилактикалық есепте тұрған адамның тұрғылықты жері мен жұмыс орны бойынша әрбір барудан кейін, оның мінез-құлқын немесе белгіленген шектеулерді сақтауын бақылаудан кейін Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бақылау парағына тиісті белгі қояды.

Әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылуы туралы мәліметтерді алу мақсатында ішкі істер органдарының жауапты қызметкері профилактикалық есепте тұрған адамды ай сайын анықтамалық деректер базалары бойынша тексереді.

23. Профилактикалық бақылаудың кезеңділігі, егер Заңда өзгеше көзделмесе, құқық бұзушылық жасау ықтималдығын бағалау негізінде айқындалады.

Қорғау нұсқамасы шығарылған, мінез-құлқына ерекше талаптар белгіленген адамдарды профилактикалық бақылаудың кезеңділігі күнтізбелік жеті күнде кемінде бір рет болады.

Ресми алдын ала ескертудің қолданылу кезеңінде, учаскелік полиция инспекторлары оның сақталуын айына кемінде екі рет бақылауды жүзеге асырады.

24. Әкімшілік қадағалаудағы адамдарды профилактикалық бақылау тұрғылықты жері бойынша жүзеге асырылады.

Егер әкімшілік қадағалаудағы адам дәлелді себептермен көрсетілген мекенжай бойынша тұра алмаса ішкі істер органының бастығы (оның міндетін атқаратын адам) учаскелік инспектордың баянатына және адамның өтініші негізінде оған полиция органы қызмет көрсетілетін аумағының шегінде басқа жерде уақытша тұруға рұқсат бере алады.

25. Ішкі істер органының қызметкері әкімшілік қадағалауда тұрған адамдарға профилактикалық бақылауды Заңның 66-бабына сәйкес жүзеге асырады.

Әкімшілік қадағалаудағы адамға қатысты профилактикалық бақылау Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке профилактикалық жұмыс жоспары негізінде жүзеге асырылады.

Жоспар профилактикалық есепке қойылған күннен бастап күнтізбелік бес жұмыс күні ішінде жасалып, ішкі істер органының бастығы немесе оның орынбасары бекітеді.

26. Әкімшілік қадағалаудағы адамды профилактикалық есепке қойғаннан кейін ішкі істер органы үш жұмыс күні ішінде бұл туралы қылмыстық-атқару жүйесі мекемесіне (әкімшілік қадағалау орнату туралы қаулы түскен) және жергілікті атқарушы органдарға (сот қаулыларының тиісті қосымшалар көшірмелерін қоса бере отырып) хабарлайды, сондай-ақ әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету үшін оның келуін қамтамасыз етеді.

Қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесінің бастығы судьяның шектеулер белгілеу туралы қаулысын алғаннан кейін әкімшілік қадағалауда тұрған адамға оның міндеттері мен әкімшілік қадағалау қағидаларын бұзғаны үшін жауаптылығы түсіндіріледі.

Әкімшілік қадағалаудағы адамға қатысты белгіленген шектеулер тізбесі ішкі істер органының уәжді ұсынымы бойынша, оның жеке басын, өмір салтын және мінез-құлқын ескере отырып, бірақ Заңның 65-бабының 2-тармағында көзделген шектеулер шегінде судья қысқартуы немесе толықтыруы мүмкін.

Әкімшілік қадағалау қағидаларын немесе өзіне жарияланған шектеулерді бұзған, сондай-ақ құқық бұзушылықтар жасаған жағдайда ішкі істер органдарының қызметкері әкімшілік қадағалау мерзімі аяқталғанға дейін жиырма күн бұрын сотқа әкімшілік қадағалау мерзімін ұзарту туралы уәжді ұсыным енгізеді.

Әкімшілік қадағалау мерзімін ұзарту немесе шектеулерді өзгерту туралы сот қаулысын алынған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде ол әкімшілік қадағалауда тұрған адамға қолхат арқылы хабарлайды.

Әкімшілік қадағалауда тұрған адамның құқық бұзушылық жасау ниеті туралы ақпарат түскен кезде учаскелік инспектор оны болдырмау үшін дереу шаралар қабылдайды, бұл туралы ішкі істер органы бастығына баяндайды.

Егер Заңның 65-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әкімшілік қадағалау қағидаларын орындауға байланысты мәселелер бойынша ішкі істер органдарына келу міндеті белгіленсе, учаскелік инспектор бақылау парағына белгі қояды.

Бұл ретте, белгіленген келу уақыты әкімшілік қадағалауда тұрған адамның жұмысына немесе оқуына кедергі келтірмеуге тиіс.

Әкімшілік қадағалауда тұрған адам әкімшілік қадағалау қағидаларын немесе өзіне белгіленген шектеулерді бұзған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіпте жауаптылыққа тартылады.

Әкімшілік қадағалауда тұрған адам тұрғылықты жерін өз бетінше тастап кеткен жағдайда, ішкі істер органы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастайды және оны іздестіру бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте шаралар қабылдайды.

Тиісті адам тұруға тиіс немесе тұрған учаскенің учаскелік полиция инспекторы оның тұрғылықты жері бойынша жоқ екені анықталған сәттен бастап бес тәулік ішінде оның тұрған жерін анықтау бойынша шаралар қабылдайды.

27. Әкімшілік қадағалауда тұрған адамның тұрақты тұрғылықты жерінен аудан (қала) шегінен тыс жерге шығу мәселесін ішкі істер органының басшысы (оның міндетін атқарушы) аталған адамның жазбаша өтініші және учаскелік полиция инспекторының профилактикалық есепте тұрған кезеңдегі мінез-құлқын сипаттайтын деректерді көрсете отырып, шығу себебі туралы баянаты негізінде қарайды. Қабылданған шешім туралы өтінішке тиісті жазба жасалып, ол ішкі істер органының кіріс хат-хабарында тіркеледі.

Әкімшілік қадағалауда тұрған адамға басқа елді мекенге уақытша шығуға және онда бір тәуліктен артық болуға рұқсат берілген жағдайда оған Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бағыт парағы қолхат арқылы беріледі, онда басқа елді мекенге шығуға рұқсат берілген күні, сапардың мақсаты мен болу мерзімі, жергілікті ішкі істер органында тіркелу және белгіленген уақытта шақыру бойынша келу міндеттері көрсетіледі.

Адам баруды жоспарлаған аумақтың ішкі істер органының мекенжайына учаскелік полиция инспекторы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әкімшілік қадағалаудағы адамның дербес деректерін, уақытша болатын уақыты мен мекенжайын көрсете отырып жазбаша хабарлама жолдайды.

Әкімшілік қадағалаудағы адам басқа ішкі істер органының қызмет көрсету аумағына келген кезде сол аумақта тұратын учаскелік инспектор немесе қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесінің уәкілетті қызметкері бағыт парағына келгені және кеткені туралы белгі қойып, ішкі істер органының мөрімен (мөртабанымен) куәландырады.

Аталған адам тұрақты тұрғылықты жеріне оралғаннан кейін профилактикалық есепті жүзеге асыратын учаскелік инспектор бағыт парағындағы жазбаларымен танысады, онда келгені туралы белгі қояды және бағыт парағын профилактикалық іске қоса тіркейді.

28. Әкімшілік қадағалау мерзімін ұзарту туралы қаулы алынған сәттен бастап учаскелік полиция инспекторы бір тәулік ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің "Бүркіт" бірыңғай ақпараттық жүйесіне (бұдан әрі – "Бүркіт" АЖ) Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерге шығуға тыйым салу туралы тапсырма жоспарды Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес толтырып, оны облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесінің бастығына "Бүркіт" АЖ-ға енгізу үшін жолдайды.

Әкімшілік қадағалау мерзімінен бұрын тоқтатылған, бас бостандығынан айыруға сотталған немесе әкімшілік қадағалауда тұрған адам қайтыс болған жағдайда ішкі істер органдарының қызметкері бір тәулік ішінде полиция департаментінің Қоғамдық қауіпсіздік басқармасына "Бүркіт" АЖ-ға тиісті түзетулер енгізу туралы хабарлама жібереді.

29. Ішкі істер органдары профилактикалық бақылауды тиісті түрде жүзеге асыру және профилактикалық есепте тұрған адамның жүрген жері туралы ақпарат алу үшін электрондық қадағалау құралдарын пайдалануға құқылы.

Ішкі істер органының бастығы (оның міндетін атқарушы адам) адамның жеке басын сипаттайтын мәліметтерді, өзіне белгіленген шектеулерді, сондай-ақ тиісті жабдықты орнатудың техникалық мүмкіндігін ескере отырып, оны профилактикалық есепке қою кезінде электрондық қадағалау құралдарын қолдану туралы шешім қабылдайды.

Профилактикалық есепте тұратын адамға электрондық бақылау құралдарын қолдану туралы шешім Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша адамға қатысты электрондық бақылау құралдарын пайдалану туралы қаулымен ресімделеді, ол онымен бірге тұратын адамдарға жарияланады, бұл ретте электрондық бақылау құралдарын бұзғаны үшін жауапкершілігі түсіндіріледі. Электрондық бақылау құралдарын пайдалануға жауапты ІІО қызметкері қаулы шығарған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде қажетті электрондық бақылау құралдарын орнатуды жүзеге асырады және оның пайдаланудың ерекшеліктерін түсіндіреді, Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пайдалану жөніндегі жадынаманы қолхат арқылы табыс етеді.

Электрондық қадағалау құралдары профилактикалық есепте тұрған адамның тұрғылықты жері бойынша тікелей өзіне орнатылады.

Электрондық қадағалау құралдарын пайдалану үшін жауапты қызметкер:

1) мониторинг пультінің деректерін пайдалана отырып, белгіленген шектеулердің сақталуы туралы ақпарат жинауды жүзеге асырады;

2) электрондық қадағалау құралдарының бүлінуі, рұқсатсыз шешіп алынуы, сот белгілеген шектеулердің бұзылуы фактілері туралы ақпарат алған кезде баянатпен ішкі істер органының басшысына (немесе оны алмастыратын тұлғаға) баяндайды және анықталған бұзушылықтарды есепке алу журналына Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес белгі енгізеді;

Ішкі істер органының бастығына (оның міндетін атқарушы адамға) электрондық қадағалау құралдарының жұмысындағы барлық ақаулар мен істен шығу фактілері туралы дереу баянатпен баяндап, оларды Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ақауларды есепке алу журналында көрсетеді;

3) электрондық қадағалау құралдарының жұмысында ақау туындаған жағдайда оның себептерін анықтау және жою шараларын қабылдайды;

4) есепте тұрған адамдарды бақылауды қамтамасыз ету, электрондық қадағалау құралдарының бар-жоғын және бүтіндігін тексеру мақсатында олар тұратын тұрғын үй-жайларға, аумақтарға және жер учаскелеріне (дипломатиялық иммунитеті бар шет мемлекеттердің өкілдіктері мен халықаралық ұйымдарды қоспағанда), сондай-ақ олардың жұмыс немесе оқу орны бойынша меншік нысанына қарамастан ұйымдардың өндірістік және өзге де үй-жайларына кедергісіз кіреді.

Сот белгілеген шектеулер өзгерген немесе техникалық себептер бойынша электрондық қадағалау құралдарын пайдалану мүмкін болмаған жағдайда ішкі істер органының бастығы (оның міндетін атқаратын адам) Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оларды қолдануды тоқтату (ауыстыру) туралы уәжді қаулы қабылдай отырып, электронды қадағалау құралдарын пайдаланудың күшін жояды немесе оларды пайдалану тәртібін және қолданылатын техникалық құралдардың жиынтығын өзгертеді . Электрондық қадағалау құралдарын пайдалануға жауапты ішкі істер органының қызметкері үш жұмыс күні ішінде тиісті жабдықты шешуді (ауыстыруды) жүзеге асырады.

Егер профилактикалық есепте тұрған адам бұзушылық фактісін жоққа шығарса ішкі істер органының қызметкері электрондық қадағалау құралдары арқылы алынған мәліметтерді зерделеу жолымен тексеру жүргізеді.

Егер электрондық қадағалау құралдарын зақымдаған (бүлдірген) жағдайда ішкі істер органының қызметкері Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ақауларды анықтау туралы акт жасайды.

Ішкі істер органдарында  
профилактикалық есепте  
тұратын адамдарды  
профилактикалық есепке алуды  
жүргізуді және  
профилактикалық бақылауды  
жүзеге асыру жөніндегі  
қағидаларға  
1-қосымша

Профилактикалық іс № \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

тегі, аты, әкесінің аты(егер бар болса)

\_\_\_\_\_

мекенжайы

Профилактикалық есеп жүргізеді учаскелік полиция инспекторы

\_\_\_\_\_

Ішкі істер органының атауы

\_\_\_\_\_

шені, учаскелік полиция инспекторының Т.А.Ә

Профилактикалық есеп орнатылды

20\_\_\_\_жыл "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_

Профилактикалық есеп тоқтатылды

20\_\_\_\_жыл "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_

Істі мұрағатта сақтау 20\_\_\_\_жыл "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_дейін

(мұқабаның ішкі жағына алдын алу ісінің мұқабасында басылады)

## Істе тұрған құжаттардың тізбесі

1. Істегі құжаттардың тізімдемесі.
2. ПО профилактикалық есепке қою үшін негіз болған материалдар (сот қаулысы, қорғау нұсқамасы, ресми алдын ала ескерту);
3. Белгіленген шектеулерді сақтауды бақылау парағы;
5. Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінен босатылған адамдарға қатысты:
  - босатылған адамға қатысты хабарлама, босатылған адамның жазасын өтеу кезеңінде туыстарының және басқа да тұлғалардың ықтимал тұрғылықты мекенжайлары көрсетіле отырып;
  - түзету мекемесінен босатылғаны туралы анықтаманың көшірмесі;
  - соңғы сотталғандығы бойынша аудандық (қалалық, облыстық) соттың үкімінің (үкімнен үзіндінің) көшірмесі;
  - адамның байланыс схемасы;
  - әкімшілік қадағалау мерзімін ұзарту (шектеулерді өзгерту) туралы ұсыныстардың көшірмелері;
  - әкімшілік қадағалау мерзімін ұзарту (шектеулерді өзгерту), әкімшілік қадағалауды тоқтату туралы сот қаулысы;
  - бағыттық және бақылау парақтарының түбіртектері, бағыттық және бақылау парақтары;
  - ішкі істер органдарына жіберілетін хабарламалардың (жіберілетін түзету парақтарының) көшірмелері, "Бүркіт" АЖ-не енгізу тапсырма жоспары;
  - басқа құжаттар;
5. Әкімшілік құқық бұзушылықтар және сот жүктеген міндеттерді бұзу туралы хаттамалардың көшірмелері;
6. Сипаттайтын материалдар (тұрғылықты жері, жұмыс орны бойынша жақын туыстардан, жәбірленушілерден жауап алу), анықтамалар, баянаттар және профилактикалық бақылау жүргізу барысында жиналған басқа да материалдар;
7. Профилактикалық есепке алуды тоқтату туралы хабарламаның көшірмесі.

Ішкі істер органдарында  
профилактикалық есепте  
тұратын адамдарды  
профилактикалық есепке алуды  
жүргізуді және  
профилактикалық бақылауды  
жүзеге асыру жөніндегі  
қағидаларға  
2-қосымша

## Қорғау нұсқамасы

\_\_\_\_\_ сағ. \_\_\_\_\_ мин.

20 \_\_\_\_ ж. " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(облыс, қала, аудан, ауылдық округ)

Аз/ша. \_\_\_\_\_ (жәбірленушінің А.Т.Ә.) қауіпсіздігін  
камтамасыз ету  
мақсатында \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_, Қазақстан Республикасының "  
Құқық  
бұзушылық профилактикасы" Заңының 60 бабын басшылыққа ала отырып азаматқа  
(ша)

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ (құқық бұзушының Т.А.Ә.)  
аз/ша. \_\_\_\_\_  
қатысты

(жәбірленушінің Т.А.Ә.)

еркінен тыс кәмелетке толмағандарды немесе оның әрекетке қабілетсіз отбасы мүшелерін қоса алғанда іздестіруге, қудалауға, баруға, ауызша, телефон арқылы сөйлесуге және онымен өзге де тәсілдер арқылы байланыс жасауға, сондай-ақ қасақана күш қолданып, денсаулыққа зиян келтіретін әрекеттер жасауға тыйым салынады.

Қорғау нұсқамасын енгізуге негіз болып азамат(ша). \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (құқық бұзушының Т.А.Ә.) болып табылады

яғни: \_\_\_\_\_

(бұзушылықтың уақыты, орны, фәбуласы)

Осы қорғау нұсқамасының талаптарын бұзу Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінде көзделген жауапкершілікке әкеп соғады.

Қорғау нұсқамасы 30 тәулік мерзімге шығарылады.

Қорғау нұсқамасының әрекет ету мерзімі ол азамат \_\_\_\_\_

(құқықбұзушының Т.А.Ә.)

\_\_\_\_\_ тапсырылған сәттен басталады.

(лаузымы, ПО атауы)

М.О. \_\_\_\_\_

(атағы, қорғау нұсқамасын шығарған адамның Т.А.Ә.)

Қорғау нұсқамасымен таныстым: \_\_\_\_\_

(құқықбұзушының қолы және Т.А.Ә.)

---

---

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Алғаны туралы қолхат:

Қорғау нұсқамасының көшірмесін алдым, қорғау нұсқамасын бұзған жағдайдағы құқықтар мен және құқықтық салдарымен таныстым:

---

(құқық бұзушының қолы және Т.А.Ә.)

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

---

(жәбірленушінің қолы және Т.А.Ә.)

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Ішкі істер органдарында  
профилактикалық есепте  
тұратын адамдарды  
профилактикалық есепке алуды  
